

"Ветеринария саласындағы нормативтік құқықтық актілерді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2014 жылғы 30 қазандағы № 7-1/559 бұйрығына өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2016 жылғы 16 қыркүйектегі № 392 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылы 27 қазанда № 14371 болып тіркелді.

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Ветеринария саласындағы нормативтік құқықтық актілерді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2014 жылғы 30 қазандағы № 7-1/559 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9891 болып тіркелген, 2014 жылғы 27 қарашада "Егемен Қазақстан" газетінің № 232 (28455) санында жарияланған) мынадай өзгеріс пен толықтыру енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Жануарлардың және адамның денсаулығына қауіп төндіретін жануарларды, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты міндетті түрде алып қою және жою жүргізілетін жануарлардың аса қауіпті ауруларының тізбесінде:

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"2) ірі қара малдың аурулары – нодулярлық дерматит (экзотикалық ауру)*, ірі қара малдың обасы, қарасан, қатерлі ісік, кеміктәріздес энцефалопатия;"

мынадай мазмұнында ескертпемен толықтырылсын:

"Ескертпе: * алып қою және жою ауыл шаруашылығы жануарлары өлген кезде жүзеге асырылады."

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің Тамақ қауіпсіздігі департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап онкүнтізбелік күні ішінде оның көшірмесінің мерзімді баспа басылымдарына және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесіне ресми жариялауға, сондай-ақ Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне орналастыру үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында және мемлекеттік органдардың интранет-порталында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі және 2016 жылғы 4 шілдеден бастап туындаған қатынастарға таралады.

Қазақстан Республикасы

Премьер-Министрінің орынбасары -

Қазақстан Республикасының

Ауыл шаруашылығы министрі

А. Мырзахметов

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасының

Қаржы министрі

_____ Б. Сұлтанов

2016 жылғы 19 қыркүйек

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасының

Ұлттық экономика министрі

_____ Қ. Бишімбаев

2016 жылғы 27 қыркүйек